

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының
ғылыми техникалық бағытының есебі**

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы (бұдан әрі - РҚББОӨО) қызметінің мақсаты: балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту, ғылыми-әдістемелік, бағдарламалық-әдістемелік, нормативтік құқықтық, оқу-әдістемелік, оқу-тәрбие, ұйымдастыру-мазмұндық, ақпараттық және сараптамалық құралдармен сапалы қосымша білім беруге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету.

РҚББОӨО ғылыми-техникалық бағыттағы бөлімі өз қызметін қосымша білім беру жүйесінің ғылыми техникалық бағыттары бойынша іске асыру бойынша ғылыми-техникалық бағыттағы бөлім 2017 жыл бойы келесі іс-шараларды іске асырды:

2. «Білім беру жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету» 008 бюджеттік бағдарламасы аясында әзірленді:

Бейнесабақтардың саны – 11

1. Автотрассалық модельдеу моделіне жобалау-конструкторлық қызметі.

2. Лақтырылатын планерді құру.

3. СУ-7Б планердің моделін дайындау.

4. Стрела ұшқыш моделін дайындау.

5. Қарапайым Аэроглиссерді құру.

6. Желкенді кеме.

7. Қағаздан квиллинг.

8. Динамикалық сынақ моделін дайындау. СУ-27 жойғыш ұшағы.

9. СУ-15 ұшақ моделін дайындау.

10. Әскери кеме.

11. Мотоциклді оқу-жаттығуға дайындау және оған техникалық қызмет көрсету.

Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, көлік, кеме құрастыру) республикалық (2017 жылғы 12-13 маусымда Қостанай қаласы, техникалық шығармашылық мектебі)

Жарыстың мақсаты: Қазақстан Республикасында балалардың техникалық шығармашылығын дамыту, тұлғаның шығармашылық құзыреттілігінде бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру, білім алушылардың өзін-өзі кәсіби анықтауы үшін жағдай жасау.

Жарыстың міндеттері: әр түрлі өңірлердің білім алушылары мен педагогтерінің тәжірибе алмасуына жағдай жасау; техникалық шығармашылық бойынша үздік жұмыс тәжірибесін насихаттау; балаларды инновациялық ғылыми-техникалық шығармашылыққа тарту; инновациялық технологиялар саласында жаңа құзыреттілікті қалыптастыру; техникалық шығармашылық және өнертапқыштық саласында оқитын дарынды, талантты білім алушыларды анықтау; топпен шығармашылық жұмыс дағдыларын қалыптастыру; іс-шаралар арқылы қосымша біліммен қамтылған балалар санын арттыруға ықпал ету.

Республикалық жарыста облыс аймақтарының және Астана мен Алматы қалаларының жеңімпаздары қатысты (160 адам, солардың 48 жеңімпаз, соның ішінде 3 жалпыкомандалық).

Баларға жарыстың әуе, зымыран, көлік, кеме құрастыру түрлерінен қатысуға мүмкіндік берілді. Жарыстың аясында ұйымдастырушылар автотрассалық моделдеу бойынша мастер-класс өткізді.

Жарыс әрбір аймақтағы балалардың ғылыми-техникалық деңгейін анықтап, балаларды ғылымға, ғылыми-техникалық мамандықтың дәрежесін өсіруге, инженерлі-техникалық шығармашылықты дамытуға бағытталған.

Жеңімпаз командалар, жарыс жеңімпаздары дипломдармен, бағалы сыйлықтармен, кубоктармен, медальдармен марапатталды. Жүлделі орын алмаған жарысқа қатысушыларға сертификаттар тапсырылды. Жеңімпаздарды дайындаған педагогтерге алғыс хаттар беріліп жолданды.

«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» Республикалық инновациялық идеялар Байқауы (2017 жылғы 3-4 қараша аралығында Қарағанды қаласында);

Мақсаты: білім алушыларға ғылым мен техниканың әр түрлі облысындағы, өнертапқыштық, зерттеу жұмыстарына тарту, талантты балаларға қолдау көрсету, тұлғаның шығармашылық құзыреттілігінде бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру.

Міндеті: білім алушылардың шығармашылығын, танымдылығын, интеллектуалды бастамаларын белсендіру; білім алушылардың ғылыми-зерттеу істеріне қызығушылығын дамыту; техникалық шығармашылық және өнертапқыштық облысында оқитын дарынды оқушылардың таланттыларын анықтау; ғылыми-зерттеу және инновациялық өнертабыс облысында жаңа құзыреттілікті және командада шығармашылық жұмыс істеу тәсілін қалыптастыру; іс-шаралар арқылы қосымша білім алуға балалардың санын көбейту.

Балалар өздерінің техникалық туындыларын әділ қазылар алқасына ұсыну үшін Қазақстанның түпкір-түпкірінен келді. Байқауға өңірлік кезеңдердің 160 жеңімпазы қатысты. Сайыс 9 номинация бойынша өткізілді: автокөліктің қолданыстағы модельдерін әзірлеу саласындағы техникалық құрастыру; өндіріс саласындағы техникалық құрастыру; ауыл шаруашылық техникалар мен жабдықтар саласындағы техникалық құрастыру; әскери техника саласындағы техникалық құрастыру; су көлік саласындағы техникалық құрастыру; құрылыс саласындағы жобалар; жылу энергетикасы, электр энергетикасы, баламалы энергетика саласындағы жобалар; авиация саласындағы жобалар: авиациялық техника әзірлеу саласындағы жобалар және модельдер; космонавтика және аэрокосмос техникасы саласындағы жобалар: космос техникасын әзірлеу саласындағы жобалар және модельдер, зымыран құрастыру.

Байқаудың басты жеңімпаздары болып Шығыс Қазақстан, Қостанай және Ақтөбе облыстарының оқушылары танылды. Салтанатты жабылу рәсінде жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы дипломдар, бағалы жүлделер және сыйлықтар табысталды.

Байқаудың аясында шеберлік сабақтар өткізілді. Балалар экскурсия барысында Қарағанды қаласының кәсіпорындарына және жетекші университеттеріне барды, ғылым қайраткерлерімен кездесіп, белгілі өнертапқыштар мен ғалымдардың шеберлік сабақтарына қатысты.

Байқаудың өткізілуін Қарағанды облысының әкімдігі және облыстық білім басқармасының қолдауымен тікелей Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы қамтамасыз етті.

Оқушылардың осындай іс-шараларға қатысуы жас өнертапқыштардың кәсіби бағытталуына, мектептер мен мектептен тыс ұйымдар негізінде олардың шығармашылық және жасампаздық қабілеттерінің жүйелі дамуына мүмкіндіктерін ұлғайтады, оқушыларды ғылым және техниканың әр түрлі салаларындағы зерттеу және өнертапқыштық қызметіне тартуға, талантты балаларға қолдау көрсетуге, білім алушыларға ғылым мен техниканың әр түрлі салаларында өнертапқыштық, зерттеу жұмыстарына тартуға, тұлғаның бәсекелестік артықшылықтарын шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыруға және білім алушылардың өзін-өзі кәсіби анықтауына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

www.ziyatker.org сайтында білім алушылар арасында, сондай-ақ білім беру ұйымдарының педагогтері арасында қашықтықтан өткізілген республикалық байқаулардың қорытындылары жарияланды.

Қалалық жерлерден қатысушылар саны – 617, ауылдан – 352. Байқауға қатысушылар арасынан ұл балалар саны – 483, қыз балалар саны – 457.

- **«Өлең – сөздің патшасы»** (13.01.2017 ж. – 03.03.2016 ж).

Мақсаты – білім алушылардың өзін-өзі кәсіби анықтауы үшін жағдай жасау, мамандықтарды зерделеуге шығармашылық тәсілдерді белсендіру, білім алушылар мен педагогтерді бірлескен қоғамдық мәнге ие кәсіптік бағдар қызметіне тарту.

Міндеттері:

1) болашақ кәсіби жолын саналы таңдауға білім алушыларды уәждемелеу;

2) кәсіптер әлеміне балалардың қызығушылығын арттыру;

3) балалардың жеке шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту.

Байқауға 8-17 жас аралығындағы балалар қатысты. Байқауға **61** жұмыс қабылданды, жеңімпаздар саны – **17**.

- **«Әлемді тербеткен ана»** (16.01.2017 ж. – 6.03.2016 ж).

Мақсаты – адамгершілік құндылықтарды, анаға саналы түрде құрмет пен махаббат сезімін қалыптастыруға, балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Міндеттері:

1) балалар мен жастардың шығармашылық қабілеттерін анықтау;

2) балалардың жеке шығармашылық дарынын анықтау;

- **«Ұлттық қолөнер - бабалар мұрасы»** (2017 жылғы 10 ақпан – 24 наурыз)

Байқаудың мақсаты: балалардың адамгершілік құндылықтарын, Отанға деген саналы құрмет пен махаббат сезімін, балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Байқау міндеттері:

1) білім алушылардың ұлттық қолөнер саласы бойынша шығармашылық белсенділігін дамыту;

2) көркем эстетикалық талғамдарын, қабілеттерін және дағдыларын қалыптастыру;

3) бақылау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;

4) ұлттық қолөнерге деген сүйіспеншіліктерін дамыту.

Байқауға 295 жұмыс қабылданды, жеңімпаздар саны – 101.

- **Әуе, көлік, кемемодельдеу және ауыл шаруашылығының техникасы** (2017 жылғы 18 наурыз – 26 мамыр).

Байқаудың мақсаты: ғылыми-техникалық бағытта қосымша білім беру педагогтері арасында үздік педагогикалық тәжірибені анықтау және тарату.

Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагог жұмыскерлері қатысты.

Байқауға барлығы 11 жұмыс келіп түсті. 9 қатысушы жеңімпаз болып анықталды.

- **Болашақтың балалары** (2017 жылғы 2 наурыздан - 22 мамыр).

Байқаудың мақсаты: білім алушыларды шығармашылық әрекетке тарту, дарынды балаларды анықтау және қолдау, олардың танымдық қызығушылықтарға ынталандыру.

Байқауға барлығы 57 жұмыс келіп түсті. 48 қатысушы жеңімпаз болып анықталды.

- **Балалар және ғарыш** (2017 жылғы 10 сәуір - 19 мамыр).

Байқаудың мақсаты: балалардың рухани-адамгершілік әлеміне, олардың адам және ғарыш туралы ойларын, адам мен ғаламның, ғаламшардың өзара байланысы туралы назарларын аудару.

Байқауға барлығы 113 жұмыс келіп түсті. 62 қатысушы жеңімпаз болып анықталды.

- **Ер есімі-ел есінде** (2017 жылғы 15 наурыз – 24 мамыр).

Байқаудың мақсаты: балалардың адамгершілік құндылықтарын, Отанға деген саналы құрмет пен махаббат сезімін, балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Байқауға барлығы 316 жұмыс келіп түсті. 161 қатысушы жеңімпаз болып анықталды.

- **«ЕХРО-2017 балалардың көзімен»** (2017 жылғы 14 сәуір – 23 маусым) **Байқаудың мақсаты:** балалардың экологиялық мәдениетін және жаһандық проблемаларына белсенді өмірлік позициясын дамыту.

Байқауға барлығы 24 жұмыс келіп түсті. 17 қатысушы жеңімпаз болып анықталды.

- **«Ғарыш – ғалам мұхиты»** (2017 жылғы 3 сәуір – 15 мамыр).

Байқаудың мақсаты: балалардың шығармашылық әлеуетін іске асыруға және өнерге деген көз-қарасы көркемдік-эстетикалық тәрбиелеуге жағдай жасау.

Байқауға барлығы 110 жұмыс келіп түсті. 57 қатысушы жеңімпаз болып анықталды.

- **«Жастар. Ғылым. Техника»** (2017 жылғы 3 наурыз – 28 сәуір).

Байқаудың мақсаты: балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын жетілдіру және ынталандыру, білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту және оқу-зерттеу қызметін ұйымдастыру арқылы заманауи жетістіктерді көрсету.

Байқауға барлығы 66 жұмыс келіп түсті. 38 қатысушы жеңімпаз болып анықталды.

- «Сүйемін туған тілді анам тілін» (2017 жылғы 3 шілді – 6 қазан)

Байқаудың мақсаты: дарынды балаларды, жастарды және педагогтерді анықтау және қолдау, ғылыми-зерттеу қызметін дамыту үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ тіл мәдениеті мен мемлекеттік тілді қолдану беделін арттыру.

Байқауға барлығы 27 жұмыс келіп түсті 14 жеңімпаз болып анықталды.

- «Сиқырлы пластелин» (2017 жылдың 3 маусым – 20 қазан)

Байқаудың мақсаты: Білім алушыларды шығармашылық әрекетке тарту, дарынды балаларды анықтау және қолдау, олардың танымдық қызығушылықтарын ынталандыру.

Байқауға барлығы 94 жұмыс келіп түсті 30 жеңімпаз болып анықталды.

- «3D моделдеу» (2017 жылдың 26 шілде - 26 қазан)

Байқаудың мақсаты: ғылыми-техникалық бағыттағы педагогтер арасында IT-технологиялар бойынша үздік педагогикалық тәжірибені анықтау және тарату.

Байқауға барлығы 3 жұмыс келіп түсті 3 жеңімпаз болып анықталды.

- «Мен мамандықты таңдаймын» (2017 жылғы 21 тамыз бен 29 қараша)

Байқаудың мақсаты: білім алушылардың Қазақстанның келешек экономикасы мен еңбек нарығына қажетті және сұранысқа ие болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауы үшін мамандықтарды зерделеудегі шығармашылық ыңғайын белсендендіру, білім алушылар мен педагогтерді бірлескен қоғамдық-мәнді кәсіптік бағдар қызметіне тарту.

Байқауға барлығы 148 жұмыс келіп түсті 29 жеңімпаз болып анықталды.